

№ 2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

28.11.2024

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда театрландырылған әрекеттердің ролі»

Қатысканы: 31

Өткізу формасы: іскерлік ойын

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы (меңгеруші С.С.Баймағамбетова);
2. «Балабақшада театрландырылған іс-әрекеттің ұйымдастырылуы» тексеріс қорытындысы (әдіскер И.А.Джанадилова);
3. «Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда театрландырылған әрекеттердің ролі» (әдіскер И.А.Джанадилова);
4. «Театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру бойынша жұмыстардың заманауи түрлері мен әдістері» (тәрбиеші Ж.Тлеумағанбетова);
5. «Мектеп жасына дейінгі әртүрлі жас кезеңдеріндегі балаларға театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыру» (А.Боккарина);
6. Іскерлік ойын «Театр әлемінде» (әдіскер И.А.Джанадилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С. Баймағамбетова бірінші педагогикалық кеңестің барлық шешімінің орындалғанын айтты.

Педагогикалық кеңестің өткендегі шешімі бойынша барлық топтарда педагогтердің перспективалық жоспарлары құрылды, жұмысты жоспарлау Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттар тізбесін жүргізуді, ата-аналарға арналған ақпарат жаңартылуын әкімшіліктің тұрақты бақылауында ұстау. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сағаттарына және т.б. қатысуы тұрақты негізде жүргізіледі.

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттаманың № 1 29.08.2024) орындалды деп танылды:

«бірауыздан» – 31__ ; «қарсы» – 0__ ; «қалыс қалғандар» – 0__.

2.Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Балабақшада театрландырылған іс-әрекеттің ұйымдастырылуы» тексеріс қорытындысы туралы анықтама оқыды:

2024-2025 о.ж. қараша айында, бақылау жоспарына сәйкес, топтардағы театр іс-әрекетінің жүргізілуі тексерілді. Тексеріс барысында анықталды:

Топтарда балаларды эстетикалық сезімге тәрбиелейтін орта құрылған. Барлық топтарда-дерлік бес білім саласы бойынша оқу орталықтары бөлінген. Топтар балалармен

жеке, топтық, жеке топтық жұмыстарға арналған. Ойыншықтар мен сюжеттік ойындарға қажетті материалдарды жинақтауда бірсарындылық байқалады. Аталған ойын түрлері көбіне, ер балаларға қарағанда қыз балаларға көбірек арналғандығы көрінеді. Өртүрлі мамандықтарға арналған қуыршақтардың жетіспеушілігі анықталды. Рольдік ойындарға арналған ойын атрибуттары да аз мөлшерде және бірыңғай жинақталған.

Топтарда дидактикалық ойындардың да аздығы білінеді: үстел үсті, атрибуттық, қоршаған ортаны дамытуға арналған ойындар. Үстел үсті ойындар-лото, домино аз мөлшерде жинақталған. Барлық тексерілген топтар әртүрлі құрылыс материалдарымен жақсы деңгейде қамтылған. Балалардың тілдік және танымдық іс-әрекетін дамытушы материал айтарлықтай мөлшерде: балаларға арналған әдебиет, дамытушы сурет кітаптары. Балаларға арналған ертегі кітаптары барлық топтарда бар, бірақ кейбір топтардағы кітаптар ескіруіне байланысты алмастыруды қажет етеді. Дидактикалық материалдардың жеткілікті екендігін байқауға болады.

Сонымен қатар, төрт топта балалардың өз беттерінше ойнауына кедергі келтіретін жағдайлар бар екендігі анықталды: кейбір ойыншықтардың қолжетімсіздігі байқалды, пәндік-дамытушы ортаның қалыптасуында кедергі болатыны жайында тәрбиешілерге ескертілді. Алдағы уақытта кейбір тәрбиешілердің пәндік-дамытушы ортаны дамытуға құлықсыздығы да бар.

Тексеріс нәтижесінде, жалпы алынған мәліметке сәйкес, балабақшаның пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастырудағы басты мәселе – баланы дамытушы аудио, видео, ойын түрлерінің жеткіліксіздігі екендігін көрсетті.

Театр бұрышындағы кітаптардың көп бөлігін ертегілер құрайды, бағдарламалық мазмұнда кездесетін орыс, қазақ халқының ертегілері барлық топта бар. Кіші топтарда кітаптар қоры өте аз екендігі анықталды. Көбіне, «Бауырсақ», «Шалқан», «Үйшік» сияқты ертегі кітаптар жинақталған.

Шешім: 1. Ұсыныстар:

1. Тәрбиешілерге топтағы театр бұрыштарын жабдықтау бойынша қосымша іздену жұмыстарын жалғастыру.
 2. Топтардағы пәндік-дамытушы ортаны жаңарту және толықтыру бойынша ата-аналармен қосымша жұмыстану.
 3. Кіші топтардағы кітаптар бұрыштарын толықтыру.
- «бірауыздан» – 31 __; «қарсы» – 0 __; «қалыс қалғандар» – 0 __.

3. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда театрландырылған әрекеттердің ролі» тексеріс қорытындысы туралы анықтама оқыды:

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттер - бұл тұлға шығармашылығына бағытталған тәрбие, баланың шығармашылық әлеуетін ашудың мүмкіндігі. Театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыру баланың қызығушылығы мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдеседі, жалпы дамуына, білуге құштарлығының айқындалуына, жаңаны тануға деген ұмтылысын, жаңа ақпараттарды және әрекеттердің жаңа әдістерін игеруге, ассоциативті ойлануға; рөлдерді орындау кезіндегі эмоцияның, ақыл-парасатының көрінуіне, мақсатқа жету үшін ұмтылуына, табандылығының дамуына ықпал етеді.

Балалар қоршаған әлемдегі қызықты іделарды байқауға, оларды қолдана білуге, кейіпкердің өзіндік көркем бейнесін құруға үйренеді, оларда балалар шығармашылығының кең тараған түрі шығармашылық қиялы дамиды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуымен қатар мектеп жасына дейінгі балалар өміріне театр мықтап енді.

Театр – балаларға арналған ең қолжетімді және демократиялық өнердің бір түрі және ол:

- балалардың шығармашылық тұрғыда дамуына;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына;
- адамгершілік тәрбиесіне;

- тұлғаның коммуникативтік қабілеттерінің (ауызша және ауызша емес тілдесудің түрлеріне оқыту) дамуына;
- ерік-жігерін тәрбиелеуге, зейінін, елестете білуін, бастамашылдығын, қиялын, тілін (диалог және монолог) дамытуға;
- оң эмоциялық көңіл-күй құруына, шаршағанды басуына, даулы жағдаяттарды ойын арқылы шешуге ықпал етеді.

Театрландырылған әрекеттер мазмұндық-рөлдік ойындармен өте тығыз байланысты және оның бір түрі болып есептеледі. Баланың есеюі бірнеше кезеңмен өтеді, сондай-ақ оның ойындары да бірнеше кезеңмен дамиды: заттармен сынақ жасаудан басталып, оларды бейнелеу үшін ойыншықтармен және заттармен танысады; одан кейін алғашқы мазмұндық көріністер пайда болады, содан соң рөлді сомдайды және ақырында, мазмұнды дарамалайды. Балалар өздеріне рөл таңдайтын және алмастыратын – заттарды қолдана отырып, әрекеттер мен ересектердің қарым-қатынасын жинақталған түрде жаңғыртатын мазмұндық-рөлдік ойындарды Д. Б. Эльконин шығармашылық сипаттағы әрекеттер деп атайды. Белгілі балалар психологы А. В. Запорожец баланың қиялындағы жағдаяттарда ойша әрекет ете білу білігін қалыптастыруда театрландырылған ойындардың рөліне маңыз берді.

Шешім:

Балалардың негізгі дағдыларын дамытуға театрлық іс-әрекеттің пайдалы әсерін ескере отырып, оларды білім беру процесіне енгізуді жалғастыру.

Күнделікті жұмыста театрлық іс-әрекетті тиімдірек пайдалану мақсатында педагогтер үшін қосымша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және осы бағыттағы жұмысты жандандыру:

«бірауыздан» – 31__ ; «қарсы» – 0__ ; «қалыс қалғандар» – 0__.

Мерзімі: 2025__ жылғы__ қаңтарға__ дейін.

4. Төртінші сұрақ бойынша тәрбиеші Ж.Тлеумағанбетова «Театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру бойынша жұмыстардың заманауи түрлері мен әдістері тақырыбында баяндама оқыды:

Мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекеттер күннің бірінші және екінші жартысында - белгіленбеген уақытта ұйымдастырылуы, басқа сабақтарға үйлесімді түрде енгізілуі, сондай-ақ тіл дамыту және қоршаған ортамен таныстыру бойынша сабақтардың апталық кестесінде арнайы жоспарлануы да мүмкін.

Әрбір балаға дербес қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ету үшін театрландырылған әрекеттердің барлық ұйымдастырылған түрлерін шағын топтарда өткізу ұсынылады. Сонымен қатар, сабақ мазмұнына байланысты шағын топ әр кезде әртүрлі қалыптасып құрылуы мүмкін. Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттердің негізгі түрлері сабақтарда, жеке жұмыстарда, театрландырылған ойындарда, сауықтарда, мерекелерде, үйірме жұмыстарында ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыруға тән ерекшеліктері олардың мазмұнының әдеби негізі және көрермендерінің болуы (Л.В. Артемова, Л.В. Ворошникова, Л.С. Фурмина және басқалар).

Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерге (О.В. Акулова, А.Г. Гогоберидзе және басқа) жасалған талдаулар мектепке дейінгі ұйымдарда мақсатты түрде дамытуға бағытталған театрландырылған әрекеттерді қолданудың тиімділігін дәлелдеді. Оларды екі негізгі: драмалау және режиссерлік (олардың әрқайсысы өз кезегінде бірнеше түрге бөлінеді) топтарына бөлуге болады. Драмалық ойындарда «әртіс» ретінде бала рөлдерді орындайды, ауызша және ауызша емес мәнерлілік құралдар кешенінің көмегімен өзбетімен бейнелерді жасай алады. Жануарлардың, адамдардың, әдеби кейіпкерлердің бейнесіне ұқсатып қайталап салатын-ойындар; мәтін негізіндегі рөлдік диалогтар; шығармаларды сахналау; бір немесе бірнеше шығарма бойынша қойылымдар; алдын ала дайындықсыз мазмұнды ойнайтын (немесе бірнеше мазмұнды) сол бойда ойдан шығаратын - ойындар драмалаудың түрлеріне жатады.

Режиссерлік ойындарда ойыншықтар немесе оларды алмастырушылар «эртис» болып табылады, ал бала «сценарист және режиссер» ретінде әрекеттерді ұйымдастырады, «эртистерді» басқарады. Кейіпкерлерді «сөйлетеді» және мазмұнға түсінік береді, ол ауызша мәнерлеудің түрлі құралдарын қолданады. Балабақшада қолданылатын режиссерлік ойындардың түрлері театрлардың алуан түрлілігіне: үстелдік, жазықтықтық және көлемдік, қуыршақтық (бибабо, саусақтық, марионетка) және басқаларға байланысты анықталады.

Шешім:

Педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты жандандыру, табысты әдістемелерді өзара алмасу және бірлескен жобаларды іске асыру.

Театрлық іс-әрекет бойынша ата-аналарды тәрбие-білім беру процесіне тарту үшін жаңа, бірлескен іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру:

«бірауыздан» – 31 __; «қарсы» – 0 __; «қалыс қалғандар» – 0 __.

Мерзімі: 2025 жылғы ____ қаңтарға __ дейін.

5. Бесінші сұрақ бойынша тәрбиеші А.Боккарина «Мектеп жасына дейінгі әртүрлі жас кезеңдеріндегі балаларға театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыру» тақырыбында баяндама оқыды:

(3 жастан 4 жасқа дейінгі) балалармен театрландырылған әрекеттерді ұйымдастырудың басты ерекшелігі ересектердің театрландырылған қойылымдарын бақылаудан біртіндеп дербес ойын әрекеттеріне көшу болып табылады; топтағы рөлдерді орындайтын, дербес ойындардан және үш-бес құрдасымен «қатарласқан ойындар»; фольклорлық және әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін салудан драмалық-ойындарда кейіпкердің негізгі эмоциясын бере отырып әрекеттерін орындайтын және қарапайым «үлгілік» бейнелерді құруды меңгереді.

Жұмыстың міндеттері мен мазмұны: - сәбиге таныс әлди, тақпақ, ертегі мазмұнын негізге алып, тәрбиеші көрсететін шағын қуыршақ қойылымдарын көру арқылы, театрландырылған әрекеттерге қызығушылықты қалыптастыру; - кейіпкерлердің диалогтеріндегі жеке сөз тіркестерін толықтырып, қойылымға енгізу арқылы баланың тілектерін ынталандыру. Балалардың назар аударуы қадағаланады, соңында қуыршақтар иіледі және олардан ризашылық сұрайды, қолдарын шапалақтайды. Саусақтық және басқа да театрлық қуыршақтар сабақта да, күнделікті қарым-қатынаста да қолданылады. Олардың атынан ересектер алғыс айтады және балаларды мақтайды, сәлемдеседі және қоштасады. Сабақтардың, сауық кештерінің конспектісіне драмалардың фрагменттерін қосады, арнайы костюмдерін киіп, дауысын және ырғағын өзгертеді.

Тәрбиеші әрекеттерінің маңызды аспектісі бұл драмалық-ойын түрлерін меңгерту арқылы балалардың ойындық тәжірибелерін біртіндеп кеңейту. Аталған міндеттер драмалық-ойындар мен ойындық тапсырмаларды: - адамның, жануардың және құстардың жеке әрекеттеріне (балалар оянады-керіледі, торғайлар қанаттарын сермейді) еліктейтін ойындар және адамдардың негізгі эмоцияларына (күн шықты - балалар қуанады: жымияды, шапалақтайды, тұрған орнында секіреді) еліктеу; - кейіпкердің негізгі эмоциясын бірізді әрекеттермен беретін тізбектелген еліктеуіш-ойындар (көңілді матрешкалар алақандарын шапалақтайды және билей бастайды; қоян түлкіні көріп қалып, қорқып кетеді және ағашқа секіріп шығады); - жақсы таныс ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еліктейтін-ойындар (қорбандаған аю үйшікке келе жатыр, батыр қораз жолмен адымдап келеді); - музыкаға ойдан шығарылатын-ойындар; - оқылатын тақпақ мәтіндерімен және достық әзілдерімен, бір ғана кейіпкермен, сөзсіз, бірсарынды және сол бойда ойдан шығарылатын- ойын; - тәрбиеші әңгімелейтін шағын ертегі, әңгіме және тақпақ мәтіндеріне сол бойда ойдан шығарылатын - ойын; - ертегі кейіпкерлерінің рөлдік диалогтары; - жануарлар туралы ертегі фрагменттерін сахналау; - халық ертегілері мен авторлық мәтіндер бойынша бірнеше кейіпкерлермен драмалық-ойындарды бірізділікпен күрделендіру арқылы жүзеге асырылады.

(4 жастан 5 жасқа дейінгі) театрландырылған әрекеттерінің ерекшелігі «өзі үшін» ойналатын ойыннан біртіндеп көрерменге бағдарланған ойынға көшуден тұрады; үдерістің өзі негізгі болатын ойыннан, үдеріс те, нәтиже де маңызды болатын ойынға ауысады; құрдастарымен шағын топта тәріздес («параллель») рөлдерді орындаудан, бес-жеті құрдасынан тұратын топта әртүрлі рөлдерді орындауға (теңқұқылы, бағынуға, басқаруға)

көшеді; драмалық-ойындарда қарапайым «үлгілік» бейнелерді құрудан, эмоция, көңіл күй, кейіпкердің жағдайы, олардың ауысуы құрамдасатын тұтас бейнелерді сомдайды. Бұл жас кезеңінде театрландырылған ойындарға қызығушылығы артады.

Жұмыстардың міндеттері мен мазмұны: - театрландырылған ойындарға қызығушылықтарын қолдау, оны саралау, белгілі бір ойын түріне басымдық беру (драмалау немесе режиссерлік); - өз ойын білдіретін құрал ретінде ойынға қызығушылығын және ынтасын қалыптастыру. Балалардың театрлық-ойындар тәжірибесін кеңейту драмалық-ойындар есебінен жүзеге асырылады. Орта топтың балалары меңгерген ойындық тапсырмалар мен драмалық-ойындардың барлық түрлері мектеп жасына дейінгі орта топтың балаларына пайдалы және қызықты. Мәтіндерді күрделендіру күрделі мазмұнымен, мағынасына және эмоциясына байланысты шағын мәтіндердің болуымен, кейіпкерлердің қызықты бейнелерімен, нақты тілдік құралдарымен ерекшеленеді.

Шешім:

Білім беру қызметінде жаңашыл әдістер мен технологияларды қолдануды кеңейту және дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

«Бірауыздан» – 31 __; «қарсы» – 0 __; «қалыс қалғандар» – 0 __.

Мерзімі: 2025 жылғы ____ қаңтарға __ дейін.

6. Алыншы сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джаналилова «Театр әлемінде» тақырыбында іскерлік ойын өткізді.

I. «Сергіту» жаттығуы

1. Нан өнімі туралы айтылатын ертегі (Бауырсақ);
2. Күнкөрісі балық аулаумен айналысқан зейнеткер (Балықшы туралы ертегі)
3. Құс тұмауы ертеректе болғанда, бұл ертегі болмас еді (Шұбар тауық)
4. Өзін-өзі бағалаудың маңызыдылығы туралы айтылатын ертегі (Ұсқынсыз үйрек)
5. Гигант көкөністі өсірген ауылда тұратын отбасы туралы ертегі (Шалқан)
6. Бұл ертегі сол қыздың бас киіміне байланысты аталады (Қызыл телпек)
7. Ағаш бала (Буратино)
8. Орман жатақханасы туралы ертегі (Үйшік).

II. «Интонация шеберлігі»

Үш командаға үш түрлі мультфильм көрсетіледі. Интербелсенді тақтадан мультфильмдер көрсетіледі, командалар шығып, интонацияларын келтіріп, мультфильмдердегі кейіпкерлерге сай дыбыстайды.

III. «Пантомима».

Команда мүшелері біртіндеп, өз командаларына мақал-мәтелді жасырады, қалғандары жауабын табады.

1-командаға:

- Екі қошқардың басы
Бір қазанға сыймас.
- Білетінің бір тоғыз,
Білмейтінің тоқсан тоғыз.
- **Нан** бар жерде ән бар
- Ішің ауырса аузыңды тый, көзің ауырса қолыңды тый.

2-командаға:

- Отаны бірдің жүрегі бір,
Жүрегі бірдің тілегі бір.
- Жеті рет өлшеп, 1 рет кес.
- Саусақ бірікпей –
Ине ілікпейді.
- Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.

3-командаға:

- Су ішкен құдығыңа түкірме!
- Өле жегенше, бөле же.
- Шешінген судан тайынбас.

- Көз қорқақ, қол батыр.

IV. «Қара жәшік»

1. Осы затқа бір бай бүкіл алтынын айырбастауға дайын болды (Н.Ерназардың «Бір үзім нан» ертегісіндегі нан);
2. Ы.Алтынсариннің Злиха мен Бәтима туралы әңгімесіндегі «Асыл шөп» әңгімесіндегі шөптің аты? (сабыр);
3. Бұл затты бір кішкентай қыз терезеден лақтырып жібергенде, оны торғай алып, ұшып кетті (мақта, «Бір уыс мақта» Ы.Алтынсарин).

V. «Жанр әлемі»

«Шалқан» ертегісін үш командаға үш түрлі жанарда ойнап шығуға тапсырма беріледі.

1-командаға:

- «Опера, балет»

2-командаға:

- «Экшн, фантастика»

3-командаға:

- «Триллер, ужас»

VI. «Мықты болсаң, тауып көр» (блин-сұрақтар)

1-командаға:

- Спектакль арасындағы үзіліс (АНТРАКТ);
- Спектакль өтетін орын (САХНА);
- Сахнаны көрермендерден жабатын материал (ПЕРДЕ);
- Клоун әйе адам (КЛОУНЕССА);
- Рольді орындау алдында әртісті бояу (ГРИМ);
- Театр сахнасын көркем безендіру (ДЕКОРЦИЯ);
- пьесаларды жазатын адам (ДРАМАТУРГ);
- оркестрді басқаратын адам (РЕЖИССЕР)

2-командаға:

- адамның сезімі мен ойын бет әлпет және дене арқылы білдіру (ПАНТОМИМА);
- жасанды шаш (ПАРИК);
- спектакльді алдын ала қайталау (РЕПЕТИЦИЯ);
- сахналық көріністерді бейнелейтін, мәдени ісшаралар өтетін орын –жай (ТЕАТР);
- спектакльге қатысушы (ӨРТИС);
- көрермендердің қолпаштап, қолдауы (АПЛОДИСМЕНТЫ);
- спектакльдің қойылыман жауап беретін адам (РЕЖИССЕР);
- спектакльге арналған музыкалық туындылардың авторы (КОМПОЗИТОР)

3-командаға:

- спектакль болатыны туралы хабарлау (АФИША);
- барлық қатысушылар билейтін спектакль түрі (БАЛЕТ);
- екі немес одан да көп адамның сөйлесуі (ДИАЛОГ);
- ән айту өнері (ВОКАЛ);
- әртістердің ұжымы (ТРУППА);
- әртістерге,қажет болған жағдайда сөзін айтып тұратын театр адамы (СУФЛЕР);
- спектакльге қажет әуенді орындайтын музыканттар тобы (ОРКЕСТР)
- ішкі үлкен емес балкон (ЛОЖА).

VII. «Ертегіні аяқта» .

Командаларға ертегіні көңілді етіп аяқтау ұсынылады.

1-командаға:

- «Мақта қыз бен мысық»

2-командаға:

- «Қызыл телпек»

3-командаға:

- «Жеті лақ».

3. Үшінші сұрақ бойынша барлық топтар өздерінің топтағы театр бұрыштарындағы театр түрлерін көрсетіп, презентация жүргізді.

Шешім:

Білім беру қызметінде жаңашыл әдістер мен технологияларды қолдануды кеңейту және дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Театрлық іс-әрекетті ұйымдастыру бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы ата-аналармен жұмысты жандандыру.

«бірауыздан» – 31 __; «қарсы» – 0 __; «қалыс қалғандар» – 0 __.

Мерзімі: 2025 жылғы ____ қаңтарға __ дейін.

Шешімі:

1. Театр бұрышындағы театр түрлерін толықтыру.;
2. Топтарда баланың бос уақыттарында театрландырылған іс-әрекеттерді баланың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастыру.

Төрайымы:

Хатшы:



С.С. Баймагамбетова

М.С. Абдигазиева

№ 2 педагогикалық кеңес

